

РАХАДИЛОВ

Бауыржан

Корабаевич



"Техникалық физика" мамандығы бойынша PhD докторы, С. Аманжолов атындағы ШҚУ "Физика және технология" кафедрасының қауымдастырылған профессоры.

2005 жылы Шілікті ауылындағы Шілікті орта мектебін; 2009 жылы Шәкәрім атындағы Университеттің ақпараттық – коммуникациялық технологиялар факультетін "Физика" мамандығы бойынша бітірген. Университетті бітіргеннен кейін Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің техникалық физика кафедрасының ассистенті болып жұмыс істеді. 2010 жылдың қаңтар-шілде айларында – техникалық физика кафедрасының оқытушысы; 2010 жылдың қыркүйегінен 2011 жылдың маусымына дейін – С. Аманжолов атындағы ШҚМУ физика кафедрасының инженері; 2011 жылдан 2014 жылға дейін – Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ техникалық физика кафедрасының докторанты.

2014 жылы техникалық физика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін "Тезкескіш болаттардың үстіңгі қабаттарын электролиттік-плазмалық азоттау" тақырыбында диссертация қорғады.

2011-2021 жылдар аралығында ғылыми-зерттеу қызметімен айналысты: 2011 жылдан 2013 жылға дейін Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ-дың "ІРГЕТАС" инженерлік бейіндегі зертханасында инженер-зерттеуші болып жұмыс істеді; 2013-2021 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының ғылыми қызметкері, топ бастығы, аға ғылыми қызметкері; 2017-2021 жылдар аралығында ұжымдық қолданыстағы Ұлттық ғылыми зертхананың меңгерушісі, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ "Беттік инженерия және трибология" ҒЗО-ның аға ғылыми қызметкері болып жұмыс істеді.

2015 жылдан 2017 жылға дейін Д. Серікбаев атындағы ШҚМТУ "Техникалық физика" кафедрасының аға оқытушысы болып жұмыс істеді.

2021 жылдан бастап С. Аманжолов атындағы ШҚУ "Физика және технология" кафедрасының қауымдастырылған профессоры қызметін атқарады.

Б.К. Рахадиллов – материалтану және конденсирленген күй физикасы саласындағы жоғары білікті жас ғалым. 5 монография, 26 авторлық куәлік және 200-ден астам ғылыми жарияланымдары, оның ішінде Web of Science және Scopus (Хирш индексі - 9) деректер базасына кіретін басылымдарда 80 мақаласы бар. Оның жетекшілігімен бір PhD докторы дайындалды.

Талантты жас ғалымдарға арналған Мемлекеттік ғылыми стипендия (2013, 2018), "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2018" Мемлекеттік Гранты, ғылыми зерттеулерге Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қорының гранты (2018), Өскемен қаласының әкімінің "Жылдың жас ғалымы-2017" сыйлығы, ғылыми зерттеулер жүргізуге Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры гранты (2020), "Топырақ өңдеу машиналарының жұмыс органдарын электролиттік-плазмалық нығайту" ғылыми жобасын әзірлеуге арналған ТМД нанотехнологиялар халықаралық инновациялық орталығының грантының иегері.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ "Үздік жас ғалым - 2017" және "Жылдың үздік зерттеушісі - 2019" байқауларының жеңімпазы.

"Қазақстанның физика-техникалық қоғамы" Республикалық қоғамдық бірлестігінің ШҚО бойынша өкілдігінің төрағасы, сондай-ақ Қазақстанның Пагуош комитетінің Жастар бөлімшесінің мүшесі болып табылады.

Люблин техникалық университетінде (Польша), Отто-фон-Гуерике (Германия) университеттің материалтану және байланыстырушы технологиялар институтында, Вроцлав технологиялық университетінде (Польша) және Біріккен ядролық зерттеулер институтында (РФ) ғылыми тағылымдамадан өтті.

Оның басшылығымен ҚР БҒМ Ғылым Комитетінің гранттық қаржыландыруының 5 жобасы, сондай-ақ "Машина жасау бұйымдары үшін тозуға төзімді материалдар алудың инновациялық технологияларын зерттеу және әзірлеу" (BR05236748) бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру бойынша бағдарламасы іске асырылды, оның шеңберінде С. Аманжолов атындағы ШҚУ базасында "Беттік инженерия және трибология" ғылыми-зерттеу орталығы құрылды. Қазіргі уақытта Б.К. Рахадиллов "Материалдар бетінің инженериясы" ғылыми бағытын дамытуда.

РАХАДИЛОВ

Бауыржан

Корабаевич



Доктор PhD по специальности «Техническая физика», ассоциированный профессор кафедры «Физика и технология» ВКУ им. С.Аманжолова.

В 2005 году окончил Чиликтинскую среднюю школу в селе Чиликты: в 2009 году – факультет информационно-коммуникационных технологий университета имени Шакарима по специальности «Физика». По окончании университета работал ассистентом кафедры технической физики Восточно-Казахстанском государственном техническом университете им. Д. Серикбаева. С января по июль 2010 года – преподаватель кафедры технической физики; с сентября 2010 года по июнь 2011 года – инженер кафедры физики ВКГУ им. С.Аманжолова; с 2011 по 2014 гг. – докторант кафедры технической физики ВКГТУ им. Д. Серикбаева.

В 2014 году защитил диссертацию на тему «Электролитно-плазменное азотирование поверхностных слоев быстрорежущих сталей» на соискание ученой степени доктора философии (PhD) по специальности техническая физика.

С 2011 по 2021 гг. занимался научно-исследовательской деятельностью: с 2011 по 2013 гг. работал инженером-исследователем лаборатории инженерного профиля «ИРГЕТАС» ВКГТУ им. Д. Серикбаева; с 2013 по 2021 гг. работал научным сотрудником, начальником группы, старшим научным сотрудником Национального ядерного центра Республики Казахстан; с 2017 по 2021 гг. работал заведующим Национальной научной лаборатории коллективного пользования, старшим научным сотрудником НИЦ «Инженерия поверхности и трибология» ВКГУ им. С.Аманжолова.

С 2015 по 2017 гг. работал в должности старшего преподавателя кафедры «Техническая физика» ВКГТУ им. Д.Серикбаева.

С 2021 года работает ассоциированным профессором кафедры «Физика и технология» ВКУ им. С.Аманжолова.

Б.К. Рахадиллов – является высококвалифицированным молодым ученым в области материаловедения и физики конденсированного состояния. Имеет 5 монографий, 26 авторских свидетельств и более 200 научных публикаций, в том числе 80 статьи в изданиях, входящих в базы данных Web of Science и Scopus (индекс Хирша - 9). Под его руководством подготовлен один доктор PhD.

Обладатель Государственной научной стипендии для талантливых молодых ученых (2013, 2018), Государственного Гранта «Лучший преподаватель вуза – 2018», гранта Фонда первого президента Республики Казахстан на научные исследования (2018), премии акима Усть-Каменогорска «Молодой ученый года-2017», гранта Фонда Первого Президента Республики Казахстан – Елбасы на проведение научных исследований (2020), гранта Международного инновационного центра нанотехнологий СНГ на разработку научного проекта «Электролитно-плазменное упрочнение рабочих органов почвообрабатывающих машин».

Победитель конкурсов ВКУ им. С.Аманжолова «Лучший молодой ученый - 2017» и «Лучший исследователь года - 2019».

Является председателем представительства по ВКО Республиканского общественного объединения «Физико-техническое общество Казахстана», а также членом Молодежного отделения Пагуошского комитета Казахстана.

Проходил научные стажировки в Люблинском техническом университете (Польша), в Институте материаловедения и соединительных технологий университета им. Отто-фон-Гуерике (Германия), во Вроцлавском технологическом университете (Польша) и в Объединенном институте ядерных исследований (РФ).

Под его руководством были реализованы 5 проектов грантового финансирования Комитета науки МОН РК, а также программа по программно-целевому финансированию «Исследования и разработка инновационных технологий получения износостойких материалов для изделий машиностроения» (BR05236748), в рамках которого был создан научно-исследовательский центр «Инженерия поверхности и трибология» на базе ВКУ им. С.Аманжолова. В настоящее время Рахадилковым Б.К. развивается научное направление «Инженерия поверхности материалов».